

**"Жануарлар дүниесі объектілерін (балықтан және өзге су жануарларынан басқа), оның ішінде жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген санаттарға жатқызылған түрлерін, олардың бөліктері мен олардан жасалған өнімдерді әкелуге және әкетуге рұқсаттар беру ережесін бекіту туралы"**  
**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті төрағасының 2006 жылғы 23 мамырдағы N 121 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті Төрағасының 2007 жылғы 7 шілдедегі N 239 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 7 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4854 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2009 жылғы 30 шілдедегі N 435 бұйрығымен.

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2009.07.30 N 435 бұйрығымен.**

**Қолданушылардың назарына!!!**

**Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз.**

**"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы"**  
Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 13) тармақшасын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Жануарлар дүниесі объектілерін (балықтан және өзге су жануарларынан басқа), оның ішінде жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген санаттарға жатқызылған түрлерін, олардың бөліктері мен олардан жасалған өнімдерді әкелуге және әкетуге рұқсаттар беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті төрағасының 2006 жылғы 23 мамырдағы N 121 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4321 нөмірмен тіркелген, Юридическая газетаның 2006 жылғы 16 тамыздағы N 149 (1129) санында және Заң газетінің 2006 жылғы 16 тамыздағы N 149 (955) санында жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Осы бұйрықпен бекітілген Жануарлар дүниесі объектілерін (балықтан және өзге су жануарларынан басқа), оның ішінде жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген санаттарға жатқызылған түрлерін, олардың бөліктері мен олардан жасалған өнімдерді әкелуге және әкетуге рұқсаттар беру ережесіне:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Ереже "Аң және балық аулау объектілері болып табылатын жануарлардың бағалы түрлерінің тізбесі" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 сәуірдегі N 433 қаулысымен бекітілген тізбеге, "Жануарлар мен өсімдіктердің сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 қазандағы N 1034 қаулысымен сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің (бұдан әрі - Комитет) және оның аумақтық органдарының жануарлар дүниесі объектілерін (балықтан және өзге су жануарларынан басқа), олардың бөліктері мен олардан жасалған өнімдерді, Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның (бұдан әрі - СИТЕС Конвенциясы) Қосымшасына енгізілген түрлерден басқа, Қазақстан Республикасына әкелу және одан тысқары жерлерге әкету үшін қажетті рұқсаттар беру тәртібін айқындайды.";

4-тармақта "өнімдерді" деген сөзден кейін", тапсырысы аумақтық органға жіберілетін СИТЕС Конвенциясының Қосымшасына енгізілмеген аңшылық олжалардан басқа," деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақта "отыз күн" деген сөздерден кейін "немесе аумақтық орган он күн" деген сөздермен толықтырылсын;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Рұқсат осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тиісінше Комитеттің немесе аумақтық органның бланкісінде ресімделеді, оған басшы қол қойып, тиісінше Комитеттің немесе аумақтық, органның мөрі басылады. Үлгілердің әрбір тобы үшін жеке рұқсат ресімделеді.";

мынадай мазмұндағы 13-тармақпен толықтырылсын:

"13. Аңшылық олжаларды әкелуге немесе әкетуге берілген рұқсаттар туралы есептілікті аумақтық орган Комитетке тапсырады.";

О с ы Е р е ж е г е 1 - қ о с ы м ш а д а :

"Төраға" деген сөз "Басшы" деген сөзбен ауыстырылсын;

2. Бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Төрағаның орынбасары Қ.Ш. Мұсабаевқа жүктелсін.

3. Осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Төраға*

" К Е Л І С І Л Д І "

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Қ а р ж ы м и н и с т р л і г і н і ң  
К е д е н д і к б а қ ы л а у

*2007 жылғы 6 тамыз*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ